

**«Қазақстан тарихы» кафедрасында өткен  
«Сыр тұнған Сарыарқа» презентациялар конкурсының жайында  
ЕСЕП**

**17.03.2022 ж.** ҚарТУ-да ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласының аясында «Сыр тұнған Сарыарқа» атты презентациялар конкурсы өтті. Конкурстың ұйымдастырушысы т.ғ.к., доцент Касимова С.С.

Конкурс үш кезенді қамтыды.

I кезең. 14 ақпан – 14 наурыз аралығында конкурстың мақсаты мен міндеттері жарияланды. Осы уақыт аралығында кафедраның әр оқытушысы 1 команда даярлап, жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне тапсыру міндеттелді.

Сайыстың мақсаты: өз тарихын білу, рухани және мәдени мұра, ұлттық бірдейлікті қалыптастыру. Сайыстың міндеттері: Сарыарқаның қасиетті орындары, халық аңыздары, естеліктері туралы материалдар жинау.

Конкурста 5 бағыт жарияланды:

1. Табиғи ландшафттық мұра (шындар, жартастар, үңгірлер)
2. Ортағасырлық қалалар мен сәулет ескерткіштері
3. Діни және діни ғибадат ету орындары
4. Шығармашылық тарихи тұлғалармен байланысты орындар
5. Тарихи және саяси оқиғалар болып өткен жерлер

II кезең. 16 наурызда конкурстың екінші кезеңі жүрді. Конкурсқа ҚарТУ-дың 1 курс студенттері қатысып, барлығы 14 жұмыс қабылданды. Әділ қазылар алқасының мүшелері Касимова С.С., Темиржанова Ш.М. келіп түскен жұмыстарды саралап, жүлдегерлерді анықтады.

III кезең. 17 наурызда жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі жүрді:

I орын - ПСК-21-2 тобы студенттері Рысжанов А., Логвиненко Д., Кустова Э., Бобров Р. (ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Даниярова А.Е.);

II орын - ТТ-21-1 тобы студенттері Қағазбаева А., Қуантай Д. (ғылыми жетекші: аға оқытушы Тлеугабылова К.С.);

III орын - БЖД-21-1 тобы студенттері Төкен Л., Әмірхан А., Сакенова А., Бағдат Ә (ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Касимова С.С.);